

Зерттеу жұмысы.

Тақырыбы: "Буллинг дегеніміз не?"

*Дайындағандар: Изтелеуов Н, Мырзагереев Ө,
Куспангалиев А*

Жетекші: педагог- психолог Шналиева М.У



Рис. 2

Зерттеу жұмысының мақсаты:

- “Буллинг” ұғымымен танысу;
- “Буллинг” мәселесін колледж студенттері арасында зерттеу;
- “Буллинг” феноменнің туындау себептерін анықтау және оның алдын алу жолдарын өз жұмысымызда қарастыру.

Зерттеу жұмысының объектісі:

- колледж студенттері.

Глоссарий

Буллинг- «bully» ағылшын тілінен аударғанда ***қорқыту*** деген мағынаны білдіреді. Буллинг дегеніміз – «күштінің» «әлсізге» қорлық көрсетуден (материалды немесе рухани түрде) «ләззат» алуы.

Дүниежүзіндегі сияқты Қазақстанда балалар, үйде, мектепте және басқа да қоғамдық мекемелерде күнделікті қатыгездікпен және зорлық-зомбылықпен ұшырасып отырады, алайда осы кезге дейін қоғам бұл проблемаға зейін қойып көрген жоқ. Балалар, ересектер сияқты негіз қалаушы құқықтарға, яғни: сыйлау, қол тигізбеу және адамзаттың абыройын сақтау құқықтарына ие, сондай-ақ, Адам құқығының жалпыға ортақ декларациясында мен Азаматтық және саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактілерде, Қазақстан Республикасы Конституциясында және өзге де заңдарында көзделген заң тұрғысынан қатаң қорғалуына құқылы. Шабуыл нысанына (жанды және жансыз) зиян келтіруші, адамдарға физиологиялық залал келтіретін немесе психологиялық жайсыздық тудыратын қоғамда адам өмір сүруінің нормалары мен ережелеріне қарсы бүлдіргіш жүріс тұрыс ретінде агрессияны анықтауға болады. «Зорлық-зомбылық пен қатыгездік» түсінігі тар мағынада «агрессия» түсінігіне кіреді. **Қатыгездік – адамның қайғысына енжарлық танытудан тұратын немесе оларға қайғы әкелуге ұмтылатын тұлға қасиеті. Зорлық – зомбылық бұл бөтеннің жүріс тұрысын бұзу.** Балаға қатысты зорлық – зомбылықты және оған әсер ететін тиісті үдерісті анықтау және тану қабілеттілігі бала құқығын қорғау және зорлық – зомбылықтың жергілікті және мемлекеттік анықтамасына тәуелді болып табылады.

«Балаларға қатысты зорлық-зомбылық және бақылаусыздық кейде қатыгездік ретінде барлық физиологиялық немесе эмоционалды қатыгездік, жыныстық зорлық-зомбылық немесе ата-аналық жауапкершілігінен бас тарту, жауапкершілік, сенімділік немесе билік пен қатынас мәнмәтіндегі бала денсаулығына, өмір сүруіне, дамуына немесе ар-намысына әлеуеттік залал келтіретін коммерциялық немесе өзге де пайдалану нысандары ретінде анықталатын балаларға қатысты қатыгездік ретінде белгілейді».

Балаларға қатысты қатыгездік кең мағынада бес тұрпатты бөліп көрсетеді:

- дене зорлық-зомбылығы;
- жыныстық зорлық-зомбылық;
- баланың қажеттіліктері мен мүдделерін елемеу (қадағалаусыздық, ата-аналық міндеттерден жалтару, экономикалық зорлық-зомбылық);
- эмоционалды/психологиялық зорлық-зомбылық;
- жыныстық және коммерциялық пайдалану.

Дене зорлық-зомбылығы . 0 ден 18 дейінгі жаста балаға келтірілген кез-келген кездейсоқ емес зақым келтіру.

Эмоционалды/психологиялық зорлық-зомбылық -ауызша немесе күш көрсету арқылы баланың абыройын түсіру, намысына тию, жақтырмау, үнемі сынға алу, баланың денсаулығына немесе физиологиялық, ментальдық, рухани, моральды немесе әлеуметтік дамуына зиян келтіретін тәуекелдің жоғары деңгейін иеленетін немесе зиян келтіретін әрекеттер.

Психологиялық қатыгездік - жүріс-тұрыстың созылмалы патерндері, яғни, баланы кемсіту, қорлау, балағаттау, тәлкек ету және әжуалау.

Эмоционалды/психикалық зорлық-зомбылық . Зорлық-зомбылық түрлері:

- Баланы кінәлау (айқайлау, балағаттау);
- Оның жетістігін төмендету, ар-ожданын қорлау;
- Баланы шеттету;
- Балаларды қорқыту мақсатында үй жануарларына қысым көрсету;
- Оқшаулау, яғни балаларды дұрыс әлеуметтік қарым-қатынастан айыру;
- Баланы жәбірлеу;
- Террор жасау, яғни бірнеше мәрте баланы сөзбен жәбірлеу және тұрақты қорқыныш сезімін қалыптастыру;
- үнемі қорқытуда ұстау, қысым көрсету, үрейлендіру;
- Жазалаймын деп қорқыту («мысалы ақша әкелмесен деп»);

Моральды азғындаушылық (сыбайластық), қоғамдық нормаларға қайшы келетін әрекетке баланы тарту және мәжбүрлеу балағы зақым алып келеді (ұрлық жасауға, ішімдік пен наркотик пайдалануға мәжбүрлеу немесе тарту).

Балаға әсер ету

Физиологиялық зорлық-зомбылық болғанынан сезіктену жағдайындағы баланың жасына тәуелді оның жүріс тұрысы және жүйке жағдайының ерекшеліктері:

Кіші мектеп жасы:

- зақым алу және зиян келу себептерін жасыруға ұмтылысы;
- жалғыздық, достарының болмауы;
- мектепке бару қорқынышы;

Жасөспірім шағы:

- суицидалды ұмтылыс;
- делинквентті жүріс- тұрыс;
- дағдарыс, қайғы, үмітсіздік, шарасыздық, тежеушілік.









*Студенттер арасында
өткізілген сауалнама
нәтижесі:*

Қойылған сұрақтар тізімі:

1. Сіздің оқу орныңызда сізге күш көрсететін студенттер (оқушылар) бар ма? (ұрады, ақша талап етеді, қысым жасайды және т.б.)

А) иә Б) жоқ

2. Ондай жағдай болып жатса сен не істер едің?

А) сабаққа бармаймын Б) сол тәртіпке көніп жүремін В) ештеңе етпеймін Г) көңіл бөлмеймін

3. Колледжде (мектепте) әсіресе, күш көрсетудің қандай түрлері жиі кездеседі?

А) сөзбен Б) күш көрсету В) Материалдық қысым жасау

Г) тікелей емес, қағыту арқылы

4. Балалардың қақтығысы көбінесе қай жерде жиірек болады?

А) сабақта Б) үзілісте В) асханада Г) киімлігіште

Д) колледж (мектеп) жанында Е) спорт алаңында Ж) жатақханада З) өз жауабы

5. Осы мәселе бойынша қандай шаралар қолдану керек деп ойлайсыз? (өз жауабы

)

Нәтижелері:

1. Сіздің оқу орныңызда сізге күш көрсететін студенттер бар ма? (ұрады, ақша талап етеді, қысым жасайды және т.б.)

А) иә - 0 Б) жоқ-54

2. Ондай жағдай болып жатса сен не істер едің?

А) сабаққа бармаймын -0

Б) сол тәртіпке көніп жүремін-0

В) ештеңе етпеймін-7

Г) көңіл бөлмеймін-47

3. Колледжде әсіресе, күш көрсетудің қандай түрлері жиі кездеседі?

А) сөзбен-36

Б) күш көрсету-0

В) материалдық қысым жасау -0

Г) тікелей емес, қағыту арқылы-6

Д) өз жауабы- 12

Нәтижелері:

4. Балалардың қақтығысы көбінесе қай жерде жиірек болады?

А) сабақта– 0

Б)үзілісте-39

В) буфет– 2

Г)киімілгіште-1

Д) колледж жанында – 2

Е)спорт алаңында – 1

Ж) өз жауабы- 9

5. Осы мәселе бойынша қандай шаралар қолдану керек деп ойлайсыз? (өз жауабы

Оқушылардың жауаптары: дөңгелек үстел, жиналыс, тәртіпті қадағалау, колледж инспекторы жиі қадағалап, әр түрлі шаралар өткізу, үгіт-насихат жүргізу, студенттермен осы мәселе бойынша жұмыс жасау және т.б.

ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА КҮШ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ҚАТАЛДЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ӘДІСТЕРІ

- Түзету жұмысы кезінде екі негізгі бағытты ескеру керек:
 - Әлеуетті агрессорлармен (мұғалімдер, ата-аналар, оқушылар) жұмыс істеу;
 - Әлеуетті зорлық-зомбылық көрушілермен жұмыс істеу. Агрессиялық жүріс- тұрысты түзетудің негізгі шарттары:
 - Қоршаған әлеуметтік ортада жағымды жағдайға бағдарлану;
 - Қарым-қатынас мәдениетін дамыту;
 - Бірлік, өзара түсінушілік, жылылық сияқты эмоциялық қалыпты ұстап отыру.
- Осыған байланысты жасөспірімдерге жақсы көңілде қарап, жайдарылық көрсетіп, оларға сенім білдіріп, белсенді әрекеттерге шақырып, олардың жетістіктерін мақтап, «кері байланыс» жасап отыру керек.

Норвегиялық психолог Дана Ольвеус мектептегі зорлық-зомбылықты «мектеп буллингi» деп атаған болатын, буллингпен күрес жүргізудің келесі тәсілдерін ұсынады:

- Сіздің мектебіңізде кездесетін буллинг түрін анықтаңыз.
- Дене немесе психологиялық күш көрсетуге бейім тұратын балаларды бақылауға алыңыз. Бұл мұғалімдер мен ата-аналарға да қатысты болуы мүмкін.
- Оқушылар арасында жасырын сауалнама жүргізіп, буллингтің көлемі мен себептері туралы мәлімет жинаңыз, бұл баланы қорғау шараларын анықтау үшін де керек.
- Оқушылармен жеке және топтық әңгіме жүргізіңіз. Олардың сезімдерін бағалап, кінәлілердің әрекетіне рухани баға беріңіз.
- Мектепте буллингті құрту, жою комитетін құрыңыз, осы арқылы оқытушылар мен ата-аналарға көмектесіңіз.
- Оқушылар арасындағы жағымды қарым-қатынасқа ықпал ететін іс-шаралар жоспарын құрыңыз.
- «Айыптылармен» міндетті түрде әңгіме жүргізіңіз, және де олардың ата-анасымен сөйлесіңіз. Бұл жұмыстың түрі әр түрлі болуы мүмкін: жай әңгімелесу, айыптыларды мәселені шешуге қатыстыру сияқты формаларда болуы мүмкін.
- Жәбірленген балаларды анықтап, оларға көмектесіңіз.
- Ата-аналармен буллинг себептерін талқылаңыз, себебі буллингке барушылардың көбісі «берекесіз» отбасынан шығады.

Қорытынды:

Балалар мен жасөспірімдерді зорлық-зомбылықтан және қатыгездіктен қорғау, оларға қарсы қылмыстың алдын алу шешімі тәртіпаралық сипатты иеленетін маңызды, әлеуметтік мәні бар және өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Зорлық- зомбылықты бұлтартпау қызметіне құқық қорғау, қамқоршылық және қорғаншылық қызметкерлері, әлеуметтік және педагогикалық аймақ өкілдері, медициналық және психологиялық қызмет өкілдері жұмылдыруы тиіс. Қазақстанда балалар мен жастар үшін №150 Ұлттық телефон желісі қызмет жасайды, ол балаларға қатысты қатыгездік көрсетуді жою жүйесіндегі алғашқы және маңызды буындардың бірі болып табылады. Сенім телефоны барлық телефон шалушыларға тәулік бойы анонимді психологиялық және заңды көмектер көрсетеді.

Агрессивті мінез-құлықты азайту үшін балалар мен жасөспірімдердің өмірлік дағдыларын жақсарту болып келеді. Балаларға көрсетілетін қатыгездіктің себептерін былайша бөлуге болады: біріншіден, бұл ең жақсы тәрбиелеуші құрал ретінде «белбеуді» насихаттаған патриархалды тәрбиенің көп ғасырлық дәстүрі. Бүгінгі күнге дейін кейбір ата-аналар балаға осылайша тәрбиелеуші әсер ету әдісін тиімді деп есептейді, екіншіден, біздің қоғамда үгіттелетін қатыгездік көрінісі. Көбіне ата-ананың стрестік жағдайда жүруі олардан әлсіздерге – балаларына деген өшпенділік көріністерін тудырады, үшіншіден, біздің қоғамның қоғамдық және құқықтық мәдениет деңгейінің төмендігі. Бұндай қоғамда бала өзара әсер етудің субъектісі ретінде емес объектісі ретінде болады.

Егерде ата-аналар мен мұғалімдер қолдау көрсетсе жақсы дағдылардың қалыптасуына әсер етеді. Және күштемей тәрбие көрсеткен жағдайда зорлық-зомбылықтың азаюына үлкен үлес қосамыз.

Осы мәселеге қатысты ұсыныстар:

- 1. Оқушыларға немесе жастарға арналған «Дағдарыс орталықтарын» құру. Мысалы:**
дағдарыс орталықтары кеңестер жүргізеді және жас адамдардың қажеттіліктеріндегі және проблемаларындағы өзгерістерді есептеу үшін жас адамдармен үнемі байланыста болады. Дағдарыс орталықтары балалар мен жас адамдарды қорғауда құқықтар мен қажеттіліктер тақырыбы бойынша семинарлар мен тренингтер өткізе алады. Жағдайға байланысты балалар мен жас адамдарды заңгерлерге және өзге де мамандарға кеңес алуға жібереді. Басты мақсаты- зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларды қалпына келтіру, оңалту және әлеуметтік қайта қалпына келтіру
- 2. Балаға көмектесетін әлеуметтік желісін ашу** (мысалы оқу мекемесінің ішінде).
- 3. Телефондық «қызу желілер» орнату.**
Көптеген облыстарда балалар мен қоғамға арналған телефондық «қызу желілер» қызмет етеді.
- 4. Студенттерге қолдау көрсету мақсатында жоғары курс студенттерінен тәлімгер топтарын құру.** Тәлімгерлерді көбінесе сенімді кеңесшілер деп атайды. Тәлімгер оқушыға қысым көрсетпеуі, оның өзін-өзі көрсетуіне уақыт беруі, кездесуге ашық, оқушыға құрметпен қарауы тиіс. оқушының қажетті қолдау мен мүмкіншіліктерді анықтауына көмектесу, мысалы, үлгерімі нашар оқушыларға арналған топтарға, қосымша сабақтар табу, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтерге жүгіну, топтық терапия, жастарды қолдау топтары сабақтарына қатысу және т.б.
- 5. «Көзге көрінбейтін» балалардың санагын жүргізу**

Пайдаланған әдебиет тізімі:

- 1.«Буллинг в школе: что мы знаем и что мы можем сделать?» (1993 ж) норвегиялық психологі Дана Ольвеус кітабы.
2. ЮНИСЕФ кеңесшісі Летисия Антонович дайындаған баяндамасы “Мектепке бармайтын балаларды және оқумен қамтылмай қалған балаларды анықтау және зерттеу» 2013 жыл.
3. Байсақова З.М, Мұхамедсадықова А.Т «Зорлық-зомбылықсыз және қатыгездіксіз балалық шақ» әдістемелік құралы, «Қазақстан дағдарыс орталықтары одағы» ЗТБ, Алматы, 2013 ж
4. Отбасы тәрбиесі институты, II томдық оқулық, Астана қ, 2012 ж

